

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan  
L. N. Gumilyov Eurasian National University  
Faculty of philology  
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ  
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

**MATERIALS**

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT  
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

**«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»**  
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

басындағы оқиғаларды баяндап отырғандай күйге жетелейді. Әйтеуір, Аягүл әңгімелері ешкімді бей-жай қалдырмайды. Жинақты оқып шыққанда кеудеңе Оңтүстіктің жылы лебі соғып өткендей жандүниең рахат бір сезімге толады», – деп өз бағасын берген [4. 4].

Аягүл кейіпкерлерінің сорақы сандыраққа толы, қауіп-қатерге толы тағдырлары авторларының бүгінгі өмірге деген көзқарастарын танытады:

*«Біреуді жақсы көру, біреуді сүю – мен үшін тым күлкілі, жабайы, тұрнайы сезім. Өзімді қоршаған адамдарға деген аяныш – өзімді мүсіркеу. Өмірдің мәңгілік емес екенін, түбі бәріміздің өлетінімізді ойласам жүрегім қуанышқа бөленеді.*

*Ол иығымнан құшақтап, құлағымның түбінен:*

*– Сүйем, – деп сыбырлады.*

*Өліктің исін сезіп, тыжырындым.*

*– Сен менен өліктің исін сезбейсің бе? – дедім.*

*– Ажалмен ойнау – Құдайды мазаққа айналдыру, – деп ол қабағын түйді.*

*– Біз бәріміз Құдайдың қуыршағымыз, – дедім қасарысып. – Мен қуыршақ болудан өлімді артық санаймын» [3. 78].*

«Қуыршақ болудан өлімді артық санаймын» деп бүгінде өскелең ұрпақ өз өмірлеріне балта шабуға. Қатыгездіктің, жауапкершілік сезімі бойында ұя салмаған бұл кейіпкер сөзін батыстық идеологияның санамызға шабуылдары көрінісі деп санасақ болады. Бүгінгі ақпарат қарқынына сүзгі қоймаған адам дәстүрінен ажырап, сана жетегінде теледидардан көрген құбыжықтардың сан қилы қитұрқы әрекеттерін қайталауда.

Тосыннан туылған осындай оқиғалардың тасасында тұратын тұспалдар мен себептер бүгінгі дәуірдің сырқатын, адамдар жанының жарақаттарын танытады. Бүгінгі адамдар тағдыры, жан арпалысы, өмір өкініштері қоғамдағы әрбір құбылысты зерттейтін қаламгерлерден ерекше ықыласты, ден қоя тыңдау мен түсінуді талап етеді.

Қысқасы, Аягүл Мантайды ерекшелейтін нәрсе – кез келген әңгімесінде тіршіліктің мәні, ғаламның жаратылысы, адамның болмысы туралы құнды ойлар.

Жалпы жазушының қай әңгімесін алсаңыз да, бүгінгі замандастарымыздың күрделі тағдырлары, олардың жан әлеміндегі түрлі сезімдік, психологиялық құбылыстар, ішкі сезім иірімдері, олардың іздері байқалатын іс-әрекеттері, ішкі буырқаныстан, толғаныстан туып жататын байлаулар, кейіпкерлердің шешімі шынайы бейнеленген. Қазақ прозасында постмодернизм үлгісі дәстүрлі поэтикалық құралдарды толық алмастырған жоқ, екеуі қатар дамып келе жатқанына аталған мақаламызда көз жеткіземіз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Шапиян М. «Аягүл Мантай, жазушы: Анам жақсы жазу үшін еңбектеніп жүргенімді білмейді-ау» // «Жұлдыздар отбасы» №15(225), 2016;

2 [http://dev.kitap.kz/books/ayagul\\_mantaeva\\_depressiya](http://dev.kitap.kz/books/ayagul_mantaeva_depressiya);

3 Мантаева А. Жаңбырлы көктем. – Алматы. – Жалын, 2009. – 96 бет;

4 Исабеков Д. «Көркемдіктің шынайы көктемі» // «Жаңбырлы көктем» – Алматы: «Жалын», 2009.

#### **ӘОЖ 808.1**

### **АЛАШ ӘДЕБИЕТІНДЕ ҰЛТТЫҚ САРЫН, ЕЛШІЛДІК МҰРАТ**

***Бәшіров Н.***

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының докторанты  
Астана қ., Қазақстан.*

*\*Ғылыми жетекшісі: ҚР ҰҒА академигі Қамзабекұлы Д.*

**Abstract.** The article analyzes the struggle of political and public figures of Kazakhstan, prominent writers A. Baitursynov, M. Dulatov, M. Zhumabayev against colonial oppression and medieval mesheism, their work on the creation of an independent state – Alash autonomy. The common positions of the national

political elite formed in the Kazakh steppes, which were held at different stages depending on the fate of the country, are analyzed. The reasons for the arrest and punishment are revealed, obstacles to the restoration of historical justice by the authorities are identified, and the mechanism of rehabilitation of victims of repression is studied. The position of these writers to awaken the people from sleep is evidenced by the wake-up yellow in their poems. The trends of national and political struggle in literature are revealed.

**Key words:** Kazakhstan, Alash-Orda, national intelligentsia, national idea, awakening, age of awakening, poetry, independence.

**Аннотация.** Статья рассказывает о трудах казахстанских политических и общественных деятелей, известных писателей А.Байтурсынова, М.Дулатова, М.Жумабая в борьбе с колониальным гнетом и средневековьем, их работе по становлению независимого государства - Алашской автономии. Дается анализ общим позициям национально-политической элиты разных времен, сформированной на казахской земле, касательно судьбы родной земли. Рассматриваются причины задержания и наказания, препятствия со стороны власти по установлению исторической справедливости, механизмы оправдания жертв политических репрессий. Доказывается путем смысловых нагрузок на произведения отмеченных писателей о пробуждении народа от спячки. Рассказывается о тенденциях народно-политического противостояния в литературе.

**Ключевые слова:** Казахстан, Алаш-Орда, национальная интеллигенция, национальная идея, пробуждение, эпоха пробуждения, поэзия, независимость.

Шетелдік және отандық гуманитарлық, әлеуметтік ғылымдарда «ұлт және ұлтшылдық», «этнос», «ұлттық идея» ұғымдары жан-жақты қарастырылып келеді. Ұлт ұғымы арқылы белгілі бір халықтың өмір сүру территориясын, тілін, нәсілін және әдет-ғұрпын, тарихын анықтауға болады. Десек те, сыртқы саяси күштердің әсерінен ұлттық мүддесінен айрылған халық аз болмады. Ұлтты сақтап, өз алдына ел болу үшін әлемде әртүрлі соғыстар, саяси қозғалыстар болып тұрды. Мәселен, түрлі тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, территориясынан айрылып қала жаздаған қазақ ұлтшылдарының мақсаты: «Ұлттық тәуелсіздікке ұмтылу, қазақ жерін отарлаушы күштердің меншігіне біржола өтіп кетуден және жас ұрпақты ұлттық негізден қол үзіп орыстанып кетуден сақтау еді» [1. 56].

Қазақтың ұлттық элитасы ел ішіндегі жағдайды түсініп, өздерінің қоғамдық-саяси қызметтерімен бірге, шығармашылық қызметтері арқылы ұлттың санасын оятып, отарлық езгіге қарсы шықты. Сауаты жоқ, жақсы мен жаманның ара жігін ажырата алмайтын, көп нәрсені түсіне бермейтін қазақтың санасын ояту үшін түрлі шығармалар жазылды. Мәселен, ел арасына кең тараған М.Дулатовтың «Оян, қазақ» кітабы 1909 жылы жарыққа шығады. Аталған шығармада ақын патша өкіметінің қазақ ұлтына жасаған қиянаттары айтылады. Ресей империясының қазақтардың малға жайлы шұрайлы жерлерін тартып алуы, тілі мен діліне, жеріне иелік етуге мүмкіндік бермеуі, соның әсерінен халықтың күйзелісін, ауыр тұрмысын бейнелеп, ашына жазылғаны байқалып тұр.

«Міржақып Дулатұлы қазақтың азаттық қозғалысының манифесі – «Оян, қазақ!» атты жинағында ұлтты ұйқыдан тұрғызу мәселесін концептуалдық дәрежеге көтеріп, оны құрғақ қиялдан гөрі, нақты білім мен білікке арқа сүйейтін қауырт қимылға күштарлықпен – саяси күрескерлікпен сабақтастырды» [2. 240]. Демек, М.Дулатов өзінді, ел мен жерінді қорғап қалу үшін ояну керектігін айтып тұр. «Оян» дегені оқу оқып, білім алып жаңа өмірге қадам басу қажеттілігін меңзеген. Әрине, «айтқанына көніп, айдауына жүретін» қара халықтың көзін ашып, дамыту патша үкіметіне ұнамайды.

Міржақып Дулатов 1911 жылы маусым ішінде «Оян, қазақ» атты кітабын таратқаны үшін Семейде абақтыға жабылып, 103 һәм 129 статьялар бойынша айыпталып, Окружной соттың үкімі бойынша 19 ай қамауда отырады. Семей Округтік Сотының Прокурорына тергеуші Пукляков 1911 жылы жазылған М.Дулатовты айыптау жөніндегі мәлімдемесінде: «Оян, қазақ» жинағы мазмұны бойынша қазақ жастарын қолданыстағы мемлекеттік қоғамдық құрылымды құлатуға шақырады, бұл ретте ол қазақтардың хандық кезіндегі еркін өмірі мен қазіргі уақытты салыстыра бағалайды, орыс өкіметі қазақтарды өз жерінен ығыстырып, оларды қоныс аударушыларға және сайын далада жүрген поп-миссионерлерге алып беріп жатыр дейді» [3]. – деп ақынды патша үкіметінің саясатына наразы деп

айыптайды. М.Дулатовты абақтыға жапқан бұл кітап жөнінде қазақ ғалымдары өз пікірлерін білдірді. Шынында да бұл кітап патшаның отарлау саясатына қарсы кітап еді. Тарихшы, профессор М.Қойгелдиев: «Ресей патшалық үкіметінің шымбайына тиген кітап болды бұл. Бір қызығы, «Оян, қазақ» сол кездегі қазақ зиялыларына да ұнады. Қазақ халқының да ойынан шықты. Сондай-ақ, дін адамдарының да көңілінен шықты. «Оян, қазақтың» елге ұнағаны соншалықты, кітапты мешіттер, молдалар елге таратты. Осыдан-ақ, бұл кітаптың мән-мағынасын, маңызын байқауға болады. Патша өкіметі кітап авторының соңына түсті. Ол кітапты оқуға тыйым салды [4. 24] – деп М.Дулатовтың қудалану себебінен хабар береді. М.Дулатұлы 1928 жылы желтоқсан айында қамауға алынып, екі жылдан кейін ату жазасына кесіледі. Сот үкімі абақты жазасымен ауыстырылып, 10 жылға бас бостандығынан айрылады. 1935 жылы Беломор-Балтық арнасының құрылысы бойында, Сосновск станциясындағы жазалау лагерінде ауыр науқастан қайтыс болады.

М.Дулатов сияқты ұлт зиялылары халықты патшалық езгіден азат етуге, білім алып, тәуелсіздік алудың жолдарына бағыттады. «Ұйқыдан оянып» еңсесін көтеру қажеттілігін түсіндірді. Мақсат бір болғандықтан, барлығының дерлік шығармаларының мотиві бірдей, сарындас, үндес болды. М.Дулатов «Оян, қазақ» өлеңінде: «Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты», «Енді, жату жарамас», «жатырсың, қазақ, оянбай» [5. 67] - десе, ақын Б.Ержанов: «Тұр, қазақ» өлеңінде: «қазағыңды бір оятшы», «осындай күнде қарап жатпай, оянсаңшы», «өткізбе қараңғыда жастық шақты», «Көрпені жамылып, бекер ұйықтап жатқаннан не пайда?» [6. 71] - деп, М.Дулатов идеясын дамыта түседі. Елді «ояту» мотиві ақындардың поэзиясында ерекше пафос болды. А.Байтұрсынұлының «Маса» жинағында да терең ұйқыда жатқан халықты масадай ызындап, ұйқы бермей, мазасын алып, айналасына назар аударуға шақырады. «Баяғы қалпы, бұл неткен жұрт ұйқышыл», «талауда малың, қамауда жаның, аш көзіңді оянып» деп ұйқыдағы халықты оятып, оларды жаңа өмірге қадам басуға шақырады. А. Байтұрсыновтың есімі «Алаш» ұлттық-демократиялық партиясының ұйымдасуына ықпал еткен «Қазақ» газетімен тығыз байланысты. Ұлттық идеяны насихаттайтын аталған газет саяси сенімсіз болып үнемі бақылауға алынып отырды. «Патша өкіметінің түрмесінде отырып шыққан, айдалып келген сенімсіз адамның шығарған газетін Орынбордағы үкімет орындары қатты бақылап, қит етсе айып салып, редакторын түрмеге қамауға шейін барған көрінеді» [7. 51]. А. Байтұрсынов амалсыздан әр газет материалдары үшін есеп беріп, Ресей губернаторына газетке жарияланған мақалаларды орысшаға аударып беріп отырған. Негізінен А.Байтұрсынов ұлт тағдырына алаңдап публицистикалық мақалалар жазып қана қоймай, өлең де жазды, көркем аударма жасаумен де айналысты (И.Крылов мысалдарын аударған), ұлт сауатын ашу үшін әліпбиде жазды.

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,

Сахара сазға қонып салқындаған.

Бір өртке қаудан шыққан душар болып,

Не қалды денемізде шарпылмаған – [8. 23] - деп қазақ халқының қиын жағдайларды басынан кешіргенін, қаз сияқты еркіндікте жүрген халықтың отаршылдықтың өртіне өртенгенін астарлай, бейнелі түрде жеткізеді. Ақынның жасынан күйінішпен өскені, намысшыл болуына жетім өскендігі де қатты әсер еткенін байқауға болады.

Оқ тиіп он үшінде ой түсіріп,

Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.

Алданып тамағыма, оны ұмытсам,

Болғандай жегенімнің бәрі харам.

Адамнан туып, адам ісін етпей,

Ұялмай не бетіммен көрге барам?! – [8. 25] - дейді «Анама хат» өлеңінде. Бұл өлең жолдарынан байқайтынымыз, А. Байтұрсыновтың әкесі мен ағасының патша чиновниктерімен қақтығысқа келіп, сотталып, жер аударылып кеткендігі, жазалаушы отрядтың елге жасаған зорлықтары жүрегіне жара болып, күреске итермелегенін, ел азаттығы үшін бар өмірін арнайтынын яғни, ақын даусын аңғарамыз. Жалпы, А.Байтұрсынов әр кезеңде жала жабылып 11 рет абақтыға жабылып, ақталып шығып отырады. 1937 жылдың

25 қарашасында қайта ұсталып, сотталады. «А.Байтұрсынов являлся одним из основателей и руководителей контрреволюционной националистической партии «Алаш» и правительства «Алаш-Орда», ставивших своей целью свержение советской власти в Казахстане. С этой целью алашординцы, возглавляемые А.Байтұрсыновым и другими, создали вооруженные отряды, проводили карательные операции на территории Казахстана..., вступали в сговор в союзе с контрреволюционным колчаковским правительством» [9. 132]. 1938 жылы ақпан айында атылады.

А.Байтұрсынов өмір сүрген дәуірді «Ояту дәуірі» десек те болады. А.Байтұрсынов, М.Дулатовпен идеясы, мақсаты бір ақын М.Жұмабаев шығармаларында да азаттық, теңдік сарыны бар. Мысалы: «Сорлы қазақ» өлеңінде: «Пыр-пыр ұйықтап сорлы қазақ тек жатыр», «Қозғал, қазақ, білімге жүгір, кез келді» [10. 19]. - деп ұйқыдағы қазақты оятуды көздейді. Демек, 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясынан кейінгі өлеңдерде қазақ елінде «ояну, ояту» мотиві жетекші позицияда болғанына көз жеткізуге болады. Филология ғылымдарының докторы, профессор Айгүл Ісімақова «XX ғасырдың басында жарық көрген Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» (Орынбор, 1909), Байбатыр Ержанұлының «Тұр, қазақ!» (Қазан, 1914) және Әбілқасым Арғынидің «Жатпа, қазақ!» (Ташкент, 1917) кітаптарының 100 жыл бұрын ұйқыда жатқан қазақ рухын тірілтуге тырысқан Міржақып Дулатұлының «Оян, қазағының» әсерімен «Тұр, қазақ!», «Жатпа, қазақ!» кітаптарының жазылуы тегін емес еді. Олардың құрылымы, көтерер тақырыбы мен ішкі мазмұны «Оян, қазақтың» жалғасындай болып қабылданады. Көркемдік деңгейлері түрлі болғанымен, Байбатыр Ержанұлы мен Әбілқасым Арғынидің сөз саптауы, жазу мәнері мен ой орамдарындағы айшықтардың басты концепті бір еді. Ол – қазақтың санасын ояту» - деп бір-бірін идеялық тұрғыда толықтырып тұрған үш кітап жөнінде тұшымды пікір айтқан.

Туған халқын ел болып, еркін дамуын аңсап, тәуелсіздік үшін күрескен М.Дулатовты өзіне ұстаз санаған ақын Мағжан Жұмабаевта жастарға жол көрсетіп, өсиет өлеңдерін арнады. 1918 жылы Қызылжар қаласында шығып тұрған «Жас азамат» газетінің бірінші санында ақынның «Мен жастарға сенемін» деген тақырыбындағы өлеңі жарияланды. Бұл өлеңі сол замандағы қазақ жастарының не істеу керек екенін, мақсаты мен міндеттерін көрсетіп өлеңнің алғы сөзіне: «Жастар! Алда жүрген, Алаш жолына аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі, өнеге алындар. Елдіктен, ерліктен айырылып, екі жүз жылдай еңсесі түскен елді ойлаңдар. Күнді - түн, жақынды - жат, пайданы - зиян деп жүрген, толық саяси құқықтарын іздеп алуға ер жетіп, есі кірген елді ойлаңдар!» [7. 51] - дейді. Осы өлеңінен М.Жұмабаевтың ұлтшылдығын байқаймыз. Себебі, ақын қазақтың мұнын жырлай отырып, қазақ жастарының ұлттық сезімін оятып, рух береді. Ұлтжанды ақын болашақты жастармен байланыстырып, соларға үміт артады. «Жас қырандар – балапан қанат жайып ұмтылған, көздегені көк аспан, мен жастарға сенемін, мен сенемін жастарға, алаш атын аспанға, шығарар олар бір танда, мен жастарға сенемін» деп жырлаған еді. Жастар жігерлі, жаңалыққа құмар, жасампаз еңбекке ынталы, жаңалықты қабылдауға зерек, қайрат-жігері мол. Сондықтан да ақын жастарға үміт артты, соларға сенді. Мұны «Мен жастарға сенемін» жеп жырға қосып, бар дауыспен халыққа үн қатты. Жастарды: «Арыстандай», «Жолбарыстай», «Қырандай» деп бейнелеп, «тұлпарға, сұңқарға» теңейді. Әдебиеттанушы, профессор Б.Майтанов: «Мағжан Жұмабаев шығармаларының құрылымы аса бай. Ұйқас кестелері күрделі, тосын, өзгеше, көркем. Бірғақ түзу, тармақ, бунақ, буын, дауыс құйылыстарын құбылту орайында ақынның қазақ өлеңіне енгізген жаңалықтары мол. Ол өрнектердің көпшілігі кейінгі дәуірдегі ұлттық поэзияда соны серпін тудырады. Ал Мағжанның тіл бедері, тың тіркестері өлең сұлулығы мен мазмұн қуатын арттыруда ерекше тапқыр, әсерлі, ойнақы, ойлы, әуезді қасиеттерін жарқырата ашып көрсетеді» [11. 77]. М.Жұмабаев символист ақын. Оның поэзиясындағы символдардың көркемдік қызметі, әсері күшті. Ақын қолданған бейнелі символдар ақынның идеясын, болмысын көрсетеді.

Жалпы, жоғары білімі бар М.Жұмабаев ақындығымен қатар Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы секілді алаш қайраткерлерімен бірге «Алаш» партиясын құруға ат салысады. 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан саяси жағдайға

байланысты қоғамдық өмірге белсене араласады. Ақмола облыстық қазақ съезін өткізуді ұйымдастырып, «Алаш» партиясының Ақмола облысының комитетінің мүшесі болып сайланады. Мәскеу қаласында өткен Бүкілресейлік мұсылман съезіне қатысқандығынан оның мұсылман халықтарының азаттығы жолында күрескенін аңғаруға болады. Десек те, М.Жұмабаевтың жырлары коммунистік жолды таңдаған қаламгерлер үшін жат болған. Соның бір көрінісі – Мағжанның 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан өлеңдер жинағы сынға ұшырайды. «1924 жылдың 24 қарашасында әдебиет үйірмесі ұйымдастырған бұл жиынға КСРО халықтары орталық баспасының директоры Нәзір Төрекұлов, Орталық комсомол комитетінің бюро мүшесі, жастардың коммунистік интернационалы атқару комитетінің бөлім бастығы Ғани Мұратбаев та қатысады. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша жас ақын, сол кезде Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде оқып жүрген Өтебай Тұрманжанов баяндама жасайды. Баяндаманы талқылауға қатысушылардың пікірі екіге бөлініп, жиналыс «Мағжан буржуазияшыл-ұлтшыл, бізге мүлде жат ақын» деп, саяси қаулы қабылдайды» [12. 77]. «Ұлтшыл» деп айыпталған М.Жұмабаев 1929 жылы 10 жылға бас бостандығынан айырылады. 1935 жылы орыстың белгілі жазушысы Максим Горькийдің көмегімен мерзімінен бұрын босатылып, бостандыққа шыққанымен, 1937 жылы 30 желтоқсанда ақын қайта қудалауға ұшырап, жала жабылып, қамауға алынып, басқа да ұлтшылдармен бірге ату жазасына кесіледі.

Қазақтың зиялы қауым өкілдері сол қоғамның ең өзекті мәселесі отарлық езгіге қарсы ұлттың санасын оятып, оны қалыптастыру жолында өздерінің шығармашылық қызметтерімен де, қоғамдық-саяси қызметтерімен де алға шығып, қалың қазақ халқын соңдарына ілестіре білді. Қазақ халқының бойындағы ұлттық рухты, сана-сезімді ояту мақсатында, халықтың көзін ашу жолында аянбай күресті. Осы мақсатта «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» т.б. газеттері арқылы орасан зор жұмыстар атқарды. Жастарды қоғам ісіне тартуда, олардың ой-санасының жетілуіне қажетті мәдени-ағарту саласында жүргізген қызметтері ұшан-теңіз. Сол кезеңдегі үкіметтің жүргізіп отырған саясатын шенеп, қазақ елінің егемендігі, ел болып жерге, суға иелік ету мәселесі, қазақ шаруаларының мұң-мұқтажы, қоныс аударушылар жайлы газет бетіне мақала, сын, әңгіме, өлеңдер жариялады. Қазіргі кезде тәуелсіздікке қол жеткіздік, ұлт интеллигенциясының арманы, мақсаты орындалды. Ұрпақтар сабақтастығы – тарихи процесс, объективті құбылыс. Әрбір жаңа ұрпақ өмірге өзімен бірге жаңа леп, жаңа ахуалды қоса әкеледі. Бұл ұрпақ прагматизмді, тиімділікті, жаңалыққа, инновацияға иек арта келеді. Экономика, техника, ғылым, білім, әлеуметтік салалардың бәрін де қазіргі кезде дамыту керек. Осы бағыттардың кез-келгенінен жаңа ой, тың ұсыныстар тууы ықтимал. Әрбір өңірдің, аймақтың, облыстың жиырма жылдан кейінгі картинасын, әрбір саланың даму динамикасын бағдарлау әрбір әкімнің, әрбір министрдің бірінші кезектегі міндеті болуға тиіс. Олар күнделікті науқандық істердің ғана жетегінде кетпей, өңірдің, саланың перспективасымен шұғылдануы абзал. Бұл міндеттерді жүзеге асыру бүгінгі ұрпақтың үлесіне тиетіні сөзсіз. Сондықтан да жастардың сапалы білім алып, ұлт тәуелсіздігі үшін күрескен тұлғалардың арманын жүзеге асыруы тиіс.

Елімізде «Жас Ұлан» атты біртұтас жастар қозғалысын ұйымдастыру керек. Еліміздегі жастар ұйымдарының басын біріктіріп, қоғамдағы жастар саясатын жүзеге асырудың белсенді ұйтқысына айналмақ. Оның өзінің бағдарламасы, белгілі құрылымы, уставы, жұмыс істеу әдістері болуға тиіс. Сөйтіп ол жастардың қоғамдағы белсенділігін қамтамасыз етуге қызмет етпек.

### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Нұрпейісов К. Алаш ақиқаты. – Алматы: Анарыс. 2010 – 376 б.
- 2 Шәріп А. Сөз өнері және ұлттық рух. – Астана: Педагогика-пресс, 2010. – 240 б.
- 3 Дулатбеков Н. <https://abai.kz/post/12879>
- 4 Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры. – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.
- 5 Дулатұлы М. Оян, қазақ! – Орынбор: Алтын Орда, 1909. – 80 б.

- 6 Ержанов Б. Тұр, қазақ! – Қазан: 1914. – 52 б.  
7 Нысанбаев Ә. Қазақ газеті. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 бет.  
8 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.  
9 Скалозубов Н. Казахский поэт Ахмет Байтұрсынов в тюрьме // Речь. 1910. 21 февраль.  
10 Жұмабаев М. Шығармалар. – Алматы: Мектеп, 1997. – 120 б.  
11 Майтанов Б. Сөз сыры. – Алматы: ҚазҰУ, 1997. – 128 б.  
12 Қабышұлы Ғ. Мағжанның ақындығы. // Қазақ әдебиеті. - 2003. - № 4 (109).

## ӘОЖ 82.0

### ТӘТІҚАРА АҚЫН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

*Жалелов Д.*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының докторанты*

*Астана қ., Қазақстан*

*\*Ғылыми жетекші: профессор, филол.ғ.д. Әлтай А.Д.*

*E-mail: \*[akzhol777@mail.ru](mailto:akzhol777@mail.ru), <sup>1</sup>[daulet.zhalelov1994@mail.ru](mailto:daulet.zhalelov1994@mail.ru)*

*Аннотация. В статье всесторонне анализируются особенности творчества поэта Татикары и его мастерство использовании слов. Также описаны сходства и различия между толгау и стихом. Производится систематический и точный анализ тематики в поэзии поэта Татикары. Проведен анализ творчества поэта Татикара, жившего в период правления Абылай-хана, в связи с событиями того периода. При исследовании темы использовались методы литературоведческого анализа, сравнения, обобщения.*

*Ключевые слова: Татикара, поэт, жырау, стих, толгау, Ханская эпоха*

**Abstract.** The article comprehensively analyzes the features of the work of the poet Tatikara and his mastery of the use of words. Similarities and differences between tolgau and poem are also described. A systematic and accurate analysis of the themes in the poetry of the poet Tatikara is carried out. An analysis was made of the work of the poet Tatikara, who lived during the reign of Abylai Khan, in connection with the events of that period. In the study of the topic, the methods of literary analysis, comparison, and generalization were used.

**Key words:** Tatikara, poet, zhyrau, poem, tolgau, Khanate era.

XIII ғасыр – хандық дәуірде халықтың тіршілігі мен тағдыры сынға түскен кезең деп атауымызға болады. Дегенмен, ұлттың бай мұрасы толығып, жанданған уақыт кезеңі. Осы кезең жыраулар мен ақындардың шығармашылығына да үлкен әсер етті. Шығармашылықтарындағы ішкі мазмұндық пен сыртқы формаларында да ерекшеліктер байқалды. Хандық дәуірдің бастапқы кезеңдеріндегі жыраулар сияқты асқақ пафосқа емес, қоғамдағы әлеуметтік мәселелер де шығармашылыққа ене бастады. Толғаудағы өлшемнен қарағанда қара өлең формасына жақын туындылар саны көбейді. Осы ерекшеліктер Тәтіқара ақынның поэзиясынан анық, айқын көрінді. Тәтіқараның ел ішінде «жырау» емес ақын ретінде танылуы да жоғарыдағы өзгерістерге сәйкес келеді. Жырау – өз айтар ойын «толғау» арқылы жеткізсе, ақын күллі ішкі сезімін «өлеңге» сыйдырды. Жыраулар поэзиясы – төл әдебиетіміздің тамыры, болашағымызға темірқазық іспетті. Жыраулық поэзия – көркем шығарманың шыңы. Құрғақ сөз емес тұнып тұрған ұлттың мұны мен зарын хан мен төреге жеткізу. Жыраулар қазақ өнерін биік деңгейге көтерді. Ұлт әдебиетінің қазынасы синкретті өнер саналатын жыраулар поэзиясы – қазақ тарихының алтын бастауы. Сыршыл поэзияны өз зерттеулерінде қарастырған ғалым, А. Байтұрсынұлы өлеңнің бастапқы өзегін толғаумен байланыстырады. «Толғау – сөз өнерінің барып тұрған жері», яғни сөз өнерінің биік бөлігі деп өз бағасын берді [1. 70]. Толғауда ақынның жаны, көңілі мен сол кездегі күйі толықтай көрсетіледі. Ал ақындардың шығармашылығы берілетін «өлең» өлшемі мүлдем бөлек. Ғалым З. Ахметов зерттеуінде өлеңнің құрылысына тоқталады. Өмірді өлең, көркемдік бағытында қабылдап, эстетикалық яғни сезімге әсер ететіндігін база назарда айтады. Өлең